

**ТРУДЫ ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА  
ЕВРАЗИЙСКОГО ГУМАНИТАРНОГО ИНСТИТУТА,  
ИЗДАНИЕ В 2022 ГОДУ**



Әлмұхамбетов Ж.Н. Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі: монография. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 108 б. ISBN 978-601-08-1666-4

Ұсынылып отырған монографиялық зерттеу қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің мазмұны мен тарихи тағдырын кешенді және жүйелі баяндаудың әрекеті болып табылады. Жұмыста тарихи және жүйелі зерттеу әдістері негізінде қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің шығу тегі, қалыптасу, даму және әрекет ету процестері ашылады. Қазақ құқығының идеологиялық негіздері, сондай-ақ дәстүрлі құқықтық жүйе Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реттеу сахнасынан түсетін XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы кезең кеңінен талқыланады.

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын зерттейтін студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінің оқытушыларына және қазақ құқығының тарихына қызығушылық білдіретін жалпы оқырман қауымға арналған.